87. Осы Ережелерге сәйкес электрондық банк қызметі Клиенттің банктік шотындағы (шоттарындағы) ақша сомасы, банктік шот (шоттар) бойынша жүргізілген операциялар, банктік шот (шоттар) туралы ақпаратты алу үшін өзінің банктік шотына (өздерінің банктік шоттарына) қол жеткізуге, ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыруға, банктік шот (шоттар) ашуға немесе жабуға және/немесе банк телекоммуникация желілері бойынша спутниктік байланыс немесе өзге де байланыс түрлері арқылы көрсететін өзге де банктік операциялардың түрлерін жүзеге асыруға байланысты қызмет көрсетуді білдіреді. Электрондық банк қызмет көрсету ақпараттық-банктік және транзакциялық-банктік болып бөлінеді.

88. Банк Клиентке Шартты жасасқан сәтте осы Ережелерде, Банктің Тарифтерінде көзделмеген жаңа қосымша ақылы Электрондық банк қызметін ұсынуға және мұндай қызметке Банктің Тарифтерінің мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда Банк Клиентке www.kaspiibank.kz мекенжайындағы интернет-ресурсқа мұндай жаңа қызметті көрсету ережелерін орналастыру арқылы қосымша қызмет көрсету (қосу) ұсынысы туралы хабарлама жолдайды. Клиент қызмет алу әрекеттерін жасау, Банктің шот-көшірмедегі ұсыныс талаптарында (қызмет қосу) көзделген тәсілдермен ақпарат сұрату сияқты жарияланған қосымша қызмет көрсету талаптарында көзделген конклюденттік әрекеттерді және басқа да әрекеттерді жасаған жағдайда, Клиентке қосымша қызмет көрсетіледі (қосылады).

89. Осы Ережелердің аясында электрондық банк қызметіне Интернет желідегі Банктің www.kaspiibank.kz мекенжайындағы веб-сайтында көрсетілген қызмет, соның ішінде «ШСМ» (Шоттың Сервис Мониторингі) қызметі жатады. Банктің электрондық банк қызметіне қатысты басқа қызмет көрсету тәртібін Бас ережелерге сәйкес Банк анықтайды және қызмет көрсету басталғанға дейін алдын ала 5 күнтізбелік күн бұрын Интернет желідегі Банктің www.kaspiibank.kz мекенжайындағы веб-сайтында жарияланады.

90. Ережелерде көрсетілген, бас әріппен жазылған төмендегі терминдердің мынадай мағынасы бар:

16) Call Center – Банктің бөлімшесі немесе Клиенттердің қоңырауларын қабылдайтын және өңдейтін, Банктің өнімдері мен қызметі туралы ақпарат беретін, карточкаларды іске қосатын, оларға тосқауыл қоятын және клиентке ағымдағы қызмет көрсету үшін Банктің анықтайтын басқа да функцияларын жүзеге асыратын қызмет;

17) Акцепт – Шарт жасасу ұсынылатын Клиенттің Шарт жасасу ұсынысының қабылданғаны және Шарттың жасалғаны туралы куәландыратын әрекеті;

- 18) Сауалнама – Клиенттің Банкпен кез келген шарттар жасасқан кездегі Банкке беретін Клиенттің (байланысушы тұлғалардың) жеке (дербес) деректері туралы ақпарат;
- 19) Банктің деректер базасы – Банктің SMS-сұратуларды алуын, тіркеуін, өңдеуін және орындауын, сондай-ақ Банктің SMS-хабар жолдауын қамтамасыз ететін Банктің бағдарламалық-техникалық кешені;
- 20) Шарт – Банк пен Клиенттің арасында жасалған электрондық банк қызметін көрсету туралы шарт;
- 21) «Интернет бөлімше»/«Интернет бөлімше жүйесі» – интернет-сайт, Клиентке оның сәйкестендіру фактісі бойынша банк операцияларын қашықтан жүргізу, сондай-ақ электрондық банк қызметін көрсету ережелеріне сәйкес www.kaspiibank.kz мекенжайында орналастырылған шарттар мен Шоттар туралы ақпарат алу мүмкіндігін беретін электрондық банк қызметінің компоненті;
- 22) Байланыс арналары – Банк анықтаған тәртіппен және талаптарда пайдаланылатын Интернет киоскіні қосқанда, Клиент пен Банктің арасындағы ақпаратты электрондық пошта (email), пошталық байланыс, «Интернет бөлімше», ұялы банкинг, SMS-хабарлар, телефондар, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электрондық терминалдар арқылы беру құралы;
- 23) Клиент – Банкпен Шарт жасасқан немесе Ережелерге сай Ақцепт жасаған жеке тұлға;
- 24) «СМС» қызметіне арналған Клиенттің мобильді/ұялы телефонының нөмірі (бұдан әрі – Клиенттің телефон нөмірі) – Клиенттің Сауалнамасында немесе «Интернет бөлімше» жүйесінде көрсетілген, Клиенттің SMS-сұратулар жолдауы үшін және SMS-хабарлар алуы үшін пайдаланатын телефон нөмірі;
- 25) Ұялы байланыс операторы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұялы байланыс қызметін көрсетуге өкілеттігі бар, Клиентпен байланыс қызметін көрсету туралы шарт немесе басқа да ұқсас шарт (оның аясында Клиентке Клиенттің телефон нөмірі берілді) жасасқан заңды тұлға;
- 26) Банктің тарифтері – Банктің уәкілетті органы бекіткен төлемақы мөлшерлемелері және Банктің қызметі үшін оның қызметіне байланысты, Банктің қызмет ақысын төлеген күні қолданылатын комиссиялар;
- 27) Транзакциялық-банктік қызмет көрсету – Клиенттің банктік шот (шоттар) ашуына және жабуына, ақша төлемдері мен аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге, банк заемын беруге және ақпараттық-банктік қызметке жатпайтын банк операцияларының өзге де түрлерін жүзеге асыруға байланысты электрондық банк қызметін көрсету; ақпараттық-банктік қызмет көрсету – банктің клиентке оның банктік шоттары бойынша ақша қалдықтары және қозғалысы туралы, жүргізілген ақша төлемдері мен аударымдары туралы және Клиенттің сұратуы бойынша, не банк пен Клиент арасында жасалған шарт бойынша көрсетілетін және көрсетілген банк қызметін көрсету туралы өзге де ақпараттарды беруге байланысты электрондық банк қызметін көрсету;
- 28) «ШМС» – Банктің ақпараттық банктік қызметі, оның аясында Банк Клиентке Карточканы пайдаланып, Шот бойынша Операция жүргізу туралы мәліметті, сондай-ақ «ШМС» қызметі шарттарында көзделген басқа да мәліметтерді береді;
- 29) Электрондық банк қызметін көрсету – Клиенттің банк шотындағы (шоттарындағы) ақша сомасы, банктік шот (шоттар) бойынша жүргізілген операциялар, банктік шот (шоттар) туралы ақпаратты алу үшін өзінің банктік шотына (өздерінің банктік шоттарына) қол жеткізуге, ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыруға, банктік шот (шоттар) ашуға немесе жабуға және/немесе банк телекоммуникациялар желілері бойынша спутниктік байланыс немесе өзге де байланыс түрлері арқылы көрсететін өзге де банктік операциялардың түрлерін жүзеге асыруға байланысты қызмет көрсетулер. Электрондық банк қызмет көрсету ақпараттық-банктік және транзакциялық-банктік болып бөлінеді;
- 30) Электрондық құжат – ақпараты электрондық-цифрлық түрде берілген құжат.
91. Осы Ережелерде пайдаланылатын, бас әріптермен жазылған басқа да терминдердің мағынасы Бас ережелерде және электрондық банк қызметін алған кезде Банк пен Клиенттің арасында жасалатын Шарттарда бірдей.

92. Осы Ережелердің жеке тарауларында басқа терминдер мен анықтамалар көзделген, олардың түсіндірмесі мен мағынасы тиісті тарауда анықталады.

93. Электрондық банк қызметі осы Ережелерге сәйкес көрсетіледі және Ережелерде анықталмаған бөлікте Банк пен Клиенттің арасында жасалған, Банктің веб-сайтында орналастырылған қосылу шарттарымен реттеледі.

94. Алдын ала төленген төлем карталарын шығару және пайдалану ережелері Банктің www.kaspiibank.kz мекенжайында орналастырылған құжаттарында анықталады.

II бөлім. Электрондық банк қызметінің жеке түрлерін көрсету ерекшеліктері

1-тарау. «ШСМ» (Шоттың Сервис Мониторингі) арқылы Клиенттердің банктік шоттарын жүргізу аясында ақпарат беру шарттары

95. «ШСМ» арқылы Клиенттердің банктік шоттарын жүргізу аясында ақпарат беру шарттары Банктің Клиентке «ШСМ» қызметін беру тәртібін анықтайды, сондай-ақ мұндай қызметті көрсетуге байланысты туындайтын Банк пен Клиенттің арасындағы қатынасты реттейді.

96. Осы тарауда төменде көрсетілген, бас әріптермен жазылған терминдердің мынадай мағынасы бар:

1) SMS-сұрату – Клиенттің өзін қызықтыратын, «SMS-сервис» қызметінің аясында алынуы мүмкін мәліметтерді алу мақсатында ұялы байланыс Операторы және Банк пен ұялы байланыс Операторының арасында делдал болып табылатын компания арқылы Банкке жолдайтын хабарламасы;

2) SMS-хабар – Банк Клиентке Клиенттің телефон нөміріне жолдайын хабар, онда «ШСМ» қызметінің аясында Клиентке берілетін мәліметтер берілген;

3) «ШСМ» қызметін іске қосу – Банктің Клиентке «ШСМ» қызметін көрсетуі үшін Банктің техникалық шектеулерді алып тастауы және Банктің SMS-сервис» қызметі үшін Клиенттің Сауалнамасында көрсетілген Клиенттің мобильді/ұялы телефонының нөмірін Банктің SMS-сұратуларды алуы және SMS-хабарларды жолдауы мақсатында Банктің деректер базасына тіркеуі;

97. SMS-сұратуларды Банкке беруге арналған телефон(-дар) нөмір(-лер)і туралы ақпаратты Клиент Банкке өтініш білдіріп, соның ішінде Call-Center телефоны арқылы немесе Интернет желідегі Банктің www.kaspiibank.kz мекенжайындағы веб-сайтынан алады.

98. Банк SMS-сұратуларды Банкке беруге арналған телефон(-дар) нөмір(-лер)ін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, бұл кезде Банк мұндай өзгерістер туралы Клиентке болжамды өзгертілетін күнге дейін 10 (он) күннен кешіктірмей тиісті ақпаратты Банктің ішкі құрылымдық бөлімшелеріндегі және филиалдарындағы ақпараттық стендтерге және/немесе Интернет желідегі Банктің www.kaspiibank.kz мекенжайындағы веб-сайтына орналастыру және/немесе SMS-хабар жолдау арқылы хабарлайды.

99. «ШСМ» қызметінің аясында Банк Клиентке ШСМ қызметінің осы Ережелерде көзделген төмендегі мәліметтерді береді:

3) Банк төмендегі мәліметтер берілген SMS-хабарды автоматтық режимде жолдайды:

- Клиенттің Карт-Шот бойынша Операцияны жасағаны туралы және Төлем лимитін өзгерту туралы мәлімет;

4) Банк SMS-сұратуларды алған бойда төмендегі мәліметтер берілген SMS-хабарды жолдайды:

- Төлем лимиті туралы мәлімет;

- Шағын үзінді көшірме.

100. «ШСМ» қызметі төмендегі барлық шарттар сақталған кезде көрсетіледі:

1) Клиенттің «ШСМ» қызметін алуы үшін техникалық және басқа мүмкіндіктері бар, атап айтқанда:

2) Клиенттің GSM стандартында SMS-сұратулар жолдауы және SMS-хабарлар алуы үшін техникалық құралы бар;

3) Клиент Ұялы байланыс Операторы болып табылады, онымен құқықтық қатынас аясында Банктің тиісті телефон нөміріне Банкке SMS-сұратулар жіберу және Банктен Клиенттің телефон нөміріне жолданатын SMS-хабарларды алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

4) Клиент Банкке «ШСМ» қызметін іске қосуға қажетті ақпаратты берді;

5) Банк «ШСМ» қызметін іске қосты.

101. «ШСМ» қызметі іске қосылған және Банк Шартты/банктік қызмет көрсету шартын акцептеген сәттен бастап «ШСМ» қызметі көрсетіледі.

102. «ШСМ» қызметі төмендегі тәсілдердің бірімен:

1) Шарт жасалғаннан кейін Банктің белгілеген нысаны бойынша жеке өзіне жазбаша өтініш арқылы, бұл кезде Клиент жеке басын куәландыратын құжатын беруі тиіс;

3) СС операторы немесе байланыс арналары арқылы Банктің Клиенттен алған өтініші арқылы іске қосылады.

103. Банк:

1) егер Шартта «ШСМ» қызметін көрсету мүмкіндігі көзделмесе;

2) егер Банк Шарттың аясында Клиентке түпкілікті шот-фактураны берсе;

3) егер Шарттың, сол сияқты Банк пен Клиенттің арасында жасалған кез келген басқа шарттың аясында Клиенттің Банктің алдында орындалмаған міндеттемелері болса;

4) егер Клиент «ШСМ» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктерінің бар екенін растамаса және/немесе Банкке «ШСМ» қызметін іске асыру үшін қажетті ақпаратты, атап айтқанда, Клиенттің мобильді/ұялы телефонының нөмірін бермесе, Клиентке «ШСМ» қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы.

104. «ШСМ» қызметі іске қосылған сәттен бастап Банк Клиенттен төлемақыны, егер мұндай төлемақы көзделсе, Тарифтік жоспарға/Дербес қызмет жиынтығына сәйкес өтейді;

105. Егер «ШСМ» қызметі Клиентке тағы да бір немесе Банк пен Клиенттің арасында жасалған бірнеше Шарттың аясында Шартпен бірге көрсетілген жағдайда, «ШСМ» қызметін көрсеткені үшін төлемақы Шарттың/БЕ аясында жасалған банк қызметін көрсету шартының аясында ғана өндіріп алынады.

106. «ШСМ» қызметін көрсеткені үшін төлемақы Клиенттің қосымша өкімінсіз төлемақы сомасын Карт-шоттан тікелей дебеттеу арқылы Шартта белгіленген тәртіппен Клиенттен өндіріп алынады.

107. Клиент Банктің белгілеген нысаны бойынша жазбаша өтінішпен Банкке (жеке өзі) хабарласып, «ШСМ» қызметін алудан бас тартуға құқылы, бұл кезде Клиент жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі тиіс.

108. Клиент «ШСМ» қызметін алудан бас тартқан жағдайда, Бас ережелердің аясында жасалатын шарттар қолданылмайды.

109. «ШСМ» қызметін көрсету мынадай жағдайларда:

а) Клиент «ШСМ» қызметінің осы Ережелерінде анықталған тәртіппен «ШСМ» қызметін алудан бас тартқан кезде, соның ішінде «ШСМ» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктердің болмауына байланысты. Банктің мұндай өтінішті қабылдаған күнінен кейінгі күннен бастап Банк «ШСМ» қызметін көрсетпейді;

б) Клиент Шарттан бас тартқан кезде;

в) Банк Шарттың аясында Клиентке түпкілікті шот-көшірме берген кезде. Банк Бас ережелердің аясында Клиентке түпкілікті шот-көшірмені мұндай берілген күні берген жағдайда тоқтатылады.

110. Бас ережелердің аясында Карточка қайта шығарылғанда және сәйкесінше мұндай қайта шығару нәтижесінде Карточканың деректемелері (нөмірі) өзгерген жағдайда, «ШСМ» қызметі аясында мәліметтер беру қайта шығарылған Карточканың нөмірін (деректемелерін) пайдалану арқылы жалғастырылады.

111. «ШСМ» қызметін алу үшін техникалық және/немесе басқа да мүмкіндіктерін жоғалтқан Клиент Банктің бөлімшесіне/филиалдарына дереу хабарласуға міндетті.

112. Егер Клиент Банкке «ШСМ» қызметін алу үшін өзінің техникалық және басқа да мүмкіндіктері туралы шынайы емес ақпарат берсе, Клиенттің телефон нөмірі туралы қате

ақпарат берсе, Клиент мұндай ақпаратты беруге байланысты барлық (соның ішінде қаржылық) тәуекелді өз мойнына алады.

113. Клиент Банкке жазбаша өтінішпен жеке өзі өтініш білдіріп, Банктің ақпараттық жүйесінде Клиенттің телефон нөмірін өзгертуге құқылы, бұл кезде Клиент жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі тиіс.

114. Клиенттің телефон нөмірін Клиенттің пайдалану тәртібі Банктің қатысуынсыз Клиент пен ұялы байланыс Операторының арасындағы шарттық қатынастармен реттеледі.

115. Банктің Клиенттің телефон нөмірінен алған SMS-сұратуын Клиенттің өзі жолдаған болып саналады, бұл кезде Банк үшінші тұлғалардың Клиенттің телефон нөміріне SMS-хабар түрінде жолданатын мәліметтерді рұқсатсыз алуына байланысты тәуекелдер үшін жауап бермейді.

116. Банк Клиентке хабарлар жолдау және Клиенттен SMS-сұратулар алу мүмкіндігінің болмағаны үшін («ШСМ» қызметін көрсету мүмкін болмағаны үшін), егер мұндай мүмкіндіктің болмауы Клиенттің және/немесе ұялы байланыс Операторының олардың арасындағы құқықтық қатынастардың аясындағы әрекетінен немесе әрекетсіздігінен туындаса, сондай-ақ Клиенттің және/немесе ұялы байланыс Операторының немесе өзге үшінші тұлғаның басқа әрекеттерімен байланысты болса және Банктің бақылау саласынан тыс өзге себептерден болса, жауап бермейді және ұялы байланыс Операторының немесе өзге үшінші тұлғаның әрекеті және әрекетсіздігі нәтижесінде Клиенттің шеккен кез келген шығындары үшін жауап бермейді.

117. Клиенттің «ШСМ» қызметін алуға арналған техникалық және/немесе басқа да мүмкіндіктерін жоғалтуы оны Банкке ол туралы хабарланған сәтке дейін «ШСМ» қызметін көрсеткені үшін Банкке төлемақы төлеу міндетінен босатпайды және Клиент жоғарыда аталған мүмкіндіктерді жоғалтқандықтан, «ШСМ» қызметінің осы Ережелерінде көзделген тәртіппен «ШСМ» қызметін алудан бас тартпайды.

2-тарау. «Интернет бөлімше» жүйесінде банк қызметін көрсету шарттары. «kaspi.kz шотына» банктік қызмет көрсету

§1. Терминдер мен анықтамалар. Жалпы ережелер

118. Ережелердің осы тарауының мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар мынаны білдіреді:

12) «kaspi.kz шоты» – Банктің бағдарламалық қамсыздандыруы, онда Банк шығарған алдын ала төленген төлем карталары (АТТК) туралы ақпарат, сондай-ақ мұндай АТТК-мен жасалған Операциялар туралы ақпарат сақталады;

13) Сәйкестендіру – Клиенттің банктік шоттар бойынша Операциялар жасауы үшін қашықтан «Интернет бөлімше» арқылы өтініш білдіру заңдылығының куәлігі. «Интернет бөлімшеде» Клиент Пароль арқылы сәйкестендіріледі;

14) Сыртқы операциялар – транзакциялық операциялар, олардың нәтижесінде Шоттағы ақша басқа банктің шоттарына аударылады;

15) Ішкі операциялар – Банкте ашылған Шот бойынша (шоттар арасында) жасалатын транзакциялық операциялар;

16) Шот бойынша үзінді көшірме – Банктің анықтаған кезеңі үшін Шотта (Шоттарда) көрсетілген Операциялар туралы ақпаратты Клиенттің назарына жеткізу мақсатында Банктің Клиентке жасақтайтын және жолдайтын ақпараттық үзінді көшірмесі;

17) Қолжетімді қалдық – Клиент пен Банктің арасында жасалған шартқа сәйкес несие лимитінің қолжетімді қалдығын, сондай-ақ Овердрафтты қосқанда, Клиенттің Банктегі жинақ және ағымдағы банк шоттарындағы ақша сомасы;

18) Бірегейлендіру – Клиенттің жеке басын анықтау. «Интернет-бөлімше» жүйесінде Логин бойынша жүргізіледі. «Интернет-бөлімше» жүйесіне енгізілген Логин Клиентке берілген Логинге сәйкес келген жағдайда, Клиент бірегейлендірілген болып саналады;

19) Логин – «Интернет бөлімшені» пайдаланушының цифрлармен берілген есепке алу жазбасындағы аты;

20) Біржолғы код (Сеанстық кілт) – Клиенттің ұялы телефонның Логин ретінде пайдаланылатын нөміріне SMS-хабар ретінде алатын біржолғы коды. Клиентті қосымша сәйкестендіру және оның Операциясын растау үшін қолданылады;

21) Операция – Шоттарда көрсетілуі тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде Карточканы пайдаланып (тауар ақысын төлеу, қолма-қол ақша алу), Қарыз операцияларын (несие лимитінің есебінен жасалатын шығыс Операциялары), ақшаны Шоттарға қолма-қол немесе қолма-қол жасалмайтын тәсіл арқылы салуды қосқанда, шығыс Операциялары; Қайтарылатын төлемдер; Банктің Берешекті өтеу үшін ақшаны алуы; Шоттардан Өтінішке, банк қарызы шартына сәйкес аударылған төлемақыны, комиссиялар мен Сыйақыны алу; Клиенттің Шоттарында көрсетілуі тиіс басқа операциялар;

22) Пароль – Клиентке ғана белгілі, Клиентке берілген Логинге байланысты және «Интернет бөлімшеде» Клиентті сәйкестендіру үшін пайдаланылатын алфавиттік-цифрлық символдардың реттілігі.

119. Клиент Шарт бойынша Қызмет алу үшін төмендегі талаптардың барлығының сақталуын қамтамасыз етеді:

1) Клиентте «Интернет бөлімше» қызметін алу үшін техникалық құрал және «kaspi.kz шотына» қолжетімділік қамсыздандыруы бар;

2) Клиент Банкке Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті ақпаратты берді.

120. Клиент www.kaspi.kz мекенжайында көрсетілген әрекеттерді, соның ішінде Шартта көзделген әрекеттерді жасау арқылы Шартқа қосылады.

121. Клиент пен Банктің арасындағы өзара қатынастарда пайдаланылатын электрондық түрдегі, «Интернет бөлімше» және «kaspi.kz шоты» жүйесінде Клиент сәтті авторландырған құжаттар қағаз тасымалдаушыдағы тиісті құжаттарға тең деп мойындалады және Шарт бойынша оларға ұқсас құқықтар мен міндеттерді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қағаз тасымалдаушыларда берілуі тиіс құжаттар мен шарттарды қоспағанда) тудырады.

§1. «Интернет бөлімше» жүйесінде қызмет көрсету

122. Банк «Интернет бөлімше» жүйесінде банктік қызмет көрсету аясында төмендегі қызметті (оған қоса, бірақ шектелмей) көрсетеді:

10) Клиенттің (Банкте ашылған) банктік шоттарынан ақша аудару туралы Клиенттің өкімін орындау, соның ішінде несиені өтеу мақсатында банктік шоттарды (теңгеде) толықтыру, Банкте ашылған банктік шоттардың арасында (теңгеде) ақша аудару;

11) Банкпен жасалған шарттар бойынша ақпарат беру, соның ішінде банк қарызы шарты бойынша (3 айдан аспайтын) кезең үшін несиені шарттарының, үзінді көшірмелердің, жинақ және ағымдағы шоттар бойынша (3 айдан аспайтын) кезең үшін несиелер (ақша, тауар) бойынша өтеу кестесінің, үзінді көшірмелердің жай-күйін қарау мүмкіндігін беру;

12) қызмет/жұмыстар/тауарлар (ұялы байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) үшін Клиенттің банктік шоттарынан және АТТК-ден тауар берушілерге ақша аудару;

13) Автотөлемақы қызметін қосу және оның (Банк көрсететін басқа да қызметтің) шарттарын өзгерту;

14) Несие картасына берілетін қарыз бойынша несиелеу шарттарын өзгерту (Несие төлемін басқару);

15) ШСМ қызметін көрсету (Шоттың сервис мониторингі);

16) Жинақ шоттарымен болған оқиғалар бойынша (депозиттер бойынша) e-mail және SMS-хабарламаларына қосылу;

17) АТТК сатып алу;

18) «Интернет бөлімше» жүйесінде банктік қызмет көрсету шартында көзделген қызмет.

§2. «kaspi.kz шотына» қызмет көрсету

123. «kaspi.kz шоты» банктік қызмет көрсету аясында:

1) АТТК-мен жасалған Операциялар туралы ақпарат алу;

2) Клиентке қолжетімді ағымдағы баланс пен жалпы ақша сомасы туралы ақпарат алу;

- 3) АТТК (АТТК деректемелерін) қолданып, транзакциялық банктік қызмет көрсету;
 - 4) АТТК (АТТК деректемелерін) қолданып, ақпараттық банктік қызмет көрсету;
 - 5) АТТК алу және АТТК-мен байланысты Операциялар жөніндегі ақпаратты есепке алу.
124. «kaspi.kz шоты» қызметі Банкте ағымдағы және/немесе жинақ шоты бар/болған Клиенттерге көрсетіледі.
125. «kaspi.kz шоты» Клиенттің банктік шоты емес. «kaspi.kz шоты» Клиентке Интернет желісі арқылы тауар берушілердің қызмет ақысын төлеу (ССК) мақсатында, сондай-ақ осы Ережелерде көзделген электрондық банк қызметін көрсету үшін ашылады.
126. kaspi.kz шотынан тауар берушілердің қызмет ақысы (ССК) www.kaspibank.kz мекенжайындағы сайтта орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ-тың алдын ала төленген төлем карточкаларын шығару, тарату және оған қызмет көрсету ережелеріне сәйкес төленеді.
127. «kaspi.kz шоты» АТТК алу арқылы төмендегі тәсілдермен:
- 1) Банктің терминалдары арқылы қолма-қол ақшамен;
 - 2) Банктің АТТК-ні іске асыру туралы шарттар жасалған серіктестерінің өздігінен қызмет көрсететін терминалдары арқылы қолма-қол ақшамен;
 - 3) «Интернет бөлімше» жүйесінде Клиенттің Банкте ашылған жинақ және/немесе ағымдағы шоттарынан ақша аудару арқылы қолма-қол жасалмайтын төлеммен толықтырылады.
128. Клиент kaspi.kz «Интернет бөлімше» сайтында тіркелгеннен кейін «kaspi.kz шотына» (сайтта жазылған, тіркелу және қолжетімділік алу, соның ішінде Клиентті бірегейлендіру әрекеттерінің сипаты және Пароль алу рәсімі кіретін нұсқаулыққа сай) қолжетімділік алады.
129. Банк қызметі «kaspi.kz шоты» арқылы Банкпен банк қызметін көрсету шарттарын, банк салымы шарттарын, банк қарызы шарттарын, төлем картасын шығару жөніндегі шарттар және т.б. жасасқан әр Клиентке көрсетіледі.

§2. Банк пен Клиенттің «Интернет бөлімше» жүйесіндегі және «kaspi.kz шотына» қызмет көрсетудегі құқықтары мен міндеттері

130. Банктің:
- 1) егер Клиент Шартта көзделген тәртіппен бірегейлендірілмесе және сәйкестендірілмесе, сондай-ақ Қолжетімді қалдықтың сомасы (Шоттардағы ақша) операцияларды жасау және Тарифтерде көзделген комиссияларды есептен шығару үшін жетпеген жағдайда, Шоттар бойынша операция жүргізуден бас тартуға;
 - 2) Клиенттің шоттары бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес операция жүргізуді тоқтата тұруға;
 - 3) төлемдік деректемелерді көрсеткен кезде Клиенттің жіберген қателігі анықталғанда, Клиент Банкке қажетті құжаттарды/деректемелерді бермегенде немесе толық жиынтығын бермеген жағдайда, сондай-ақ операция ҚР заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;
 - 4) Клиент Шарттың және осы Ережелердің талаптарын бұзған жағдайда, «Интернет бөлімше» жүйесінде және «kaspi.kz шотына» қызмет көрсетуде көрсетілетін қызметке қолжетімділікке тосқауыл қоюға;
 - 5) Пароль жоғалған жағдайда, Банктің Клиенттен бұл Қолжетімділікті жоғалтып алғаны туралы жазбаша хабарлама (соның ішінде факс арқылы) алған сәтінә дейін немесе Клиенттің Парольге тосқауыл қойған сәтінә дейін Пароль пайдаланылып жүргізілген операциялардың сомасы мөлшеріндегі ақшаны Шоттан алуға;
 - 6) Клиенттен ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес валюталық бақылау жасау үшін қажетті құжаттар мен басқа ақпаратты сұратуға құқығы бар;
 - 7) Банктің аталған шектеулерді белгілеу және/немесе өзгерту туралы шешімі туралы ақпарат Интернет желідегі Банктің www.kaspibank.kz мекенжайындағы WEB-бетіне орналастырылады;
 - 8) егер Клиентте бірнеше АТТК болса және Операция жасаса, Банк кейінгі АТТК қарағанда әлдеқайда бұрын шығарылған АТТК-мен транзакциялық банк қызметін көрсетеді.
131. Клиенттің:

- 1) «Интернет бөлімшесін» пайдаланып, Шоттар бойынша есептер мен үзінді көшірмелер алуға;
 - 2) Шоттағы ақша қалдығы шегінде Шоттар бойынша операциялар жүргізуге;
 - 3) Банктің Шартқа және/немесе Банктің тарифтеріне енгізген өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға;
 - 4) Шартты болжамды бұзатын күнге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын Шартты бұзу ниеті туралы Банкке кез келген сәтте жазбаша хабарлауға құқығы бар.
132. Шартты, Ережелердің талаптары бұзылған жағдайда, Банктің екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беріп, мынадай:
- 1) қызмет көрсетудегі ықтимал шектеулер туралы ескерту;
 - 2) қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұру;
 - 3) бір немесе бірнеше Тараппен жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзу сияқты шараларды ретімен қолдануға құқығы бар.
133. Банк тергеу, шаралар қолдану, рұқсатсыз төлемдерді ескерту мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға міндеттенеді.
134. «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсетілген кезде алдын ала төленген төлем карточкалары қате сатып алынған жағдайда, Клиент ақшаны Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына аудару туралы өтінішпен Банкке хабарласады немесе «Интернет бөлімше» жүйесінде алдын ала төленген төлем карточкаларындағы ақшаға билік ету әрекеттерін жасайды.
135. Клиентке қолжетімді ақша алдын ала төленген төлем карточкасы арқылы Банктің кассасынан қолма-қол ақшамен алынбайды.

§4 Банктік қызмет көрсету қауіпсіздігінің рәсімдері және «Интернет бөлімше» жүйесінде және kaspi.kz шотына қызмет көрсетуде даулы жағдайларды шешу.

Тараптардың жауапкершілігі

136. «Интернет бөлімше» мен «kaspi.kz шотқа» қолжетімділік HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша kaspi.kz сайтына қосылу арқылы жүргізіледі. «kaspi.kz. шотқа» «Интернет бөлімше» жүйесі арқылы қызмет көрсетіледі. Клиенттің техникалық құралы мен «Интернет бөлімше» сайты арасында берілетін деректер DigiCert Inc компаниясының сертификатымен шифрланады. Шифрлау тұрақтылығы 128 бит болып анықталды.
137. «Интернет бөлімше» жүйесінің бағдарламалық-техникалық кешені, сондай-ақ банктік жүйелермен өзара әрекет ету модульдері Банктің аумағында ғана болады.
138. «Интернет бөлімше» жүйесінің бағдарламалық-техникалық кешені жеке қорғалған желімен бөлінген. Банктік жүйе мен «Интернет бөлімше» жүйесінің тікелей қосылулары жоқ.
139. Клиенттің Логині мен Паролін бергенінен кейін ғана, «Интернет бөлімше» жүйесіне қолжетімділік алынады.
- Парольді Клиент ойлап табады және Парольдің ұзындығы кемінде 7 символдан кем болмауы тиіс.
140. Клиент Парольді растау үшін сайттың Клиенттің ұялы телефонына жіберген, Логин ретінде қолданылатын сеанстық кілтін енгізуі тиіс.
141. Сеанстық кілттің қолданылу уақыты 15 минутқа тең.
142. Парольді өзгертуге арналған әр жаңа сұрату қайта генерацияланған сеанстық кілтпен расталуы мүмкін. Дұрыс Парольді көрсетуге 3 мүмкіндік беріледі, олай болмаса Клиентке «Интернет бөлімше» жүйесіне қолжетімділікке 15 минутқа тосқауыл қойылады.
143. 2 000 теңгеден көп сомадағы транзакциялық операциялар Клиенттің телефон нөміріне (оның нөмірі Клиенттің «Интернет бөлімше» жүйесіндегі Логині болып табылады) жіберілген сеанстық кілтпен қосымша расталады.
144. Бір Клиент бойынша Операция (ақша, төлемдер аудару) сомасы тәулігіне 50 000 теңгеден аспауы керек.
145. Қажет болғанда Банктің Клиенттің «Интернет бөлімшеге» қолжетімділігіне толық тосқауыл қоюға мүмкіндігі бар.
146. «Интернет бөлімше» жүйесіндегі Клиенттердің барлық әрекеттері туралы ақпарат арнайы жүйелерде сақталады (мұндай деректерді сақтау мерзімі шектелмеген).

147. Даулы жағдайлар туындаған кезде Клиент «Интернет бөлімше» жүйесінде және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсеткенде төмендегі әрекеттерді жасайды:

- 1) Клиент мекенжайды, телефон нөмірін, шағымның және басқа да ақпараттың мазмұнын көрсетіп, online@kaspibank.kz электрондық мекенжайына жазбаша түрде хабар жолдайды немесе 8-727-250-00-01 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефон нөмірлері бойынша Банктің Call Center-іне телефон соғады;
- 2) өтінім тіркелген күннен бастап 30 күннің ішінде Банк Клиенттің өтінімін қарайды;
- 3) Банк Клиентке жауапты Банкке жолданған хабарламада көрсетілген мекенжайға жазбаша түрде береді.

148. «Интернет бөлімше» жүйесінде қызмет көрсету төмендегі жағдайларда:

- 1) Клиенттің қызметті өшіру туралы өтініші болғанда. «Интернет бөлімше» жүйесінде қызмет көрсету Клиенттің өшіру туралы жазбаша өтініші алынғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні аяқталғанда тоқтатылады;
- 2) kaspi.kz сайтында техникалық жұмыстар жүргізілгенде (Банк мұндай жұмыстардың кезеңін жұмыстар тоқтатылғанға дейін 15 минут бұрын сайтқа ол туралы хабар орналастыру арқылы хабарлайды);
- 3) Клиентпен жасалған шарттардың талаптары (оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылады немесе тоқтата тұрылады) өзгертілгенде тоқтата тұрылады немесе тоқтатылады.

149. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз кіру, оны рұқсатсыз өзгерту, рұқсатсыз төлемнің немесе ақша аударымының және Банктің «Интернет бөлімше» жүйесінде қызмет көрсеткен кезінде және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсетуінде туындаған басқа да рұқсатсыз әрекеттердің жасалғаны анықталған кезде, Банк ол туралы оларды анықтағаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке (оған қатысты мұндай әрекеттер жасалған) хабарлайды.

150. Банк «Интернет бөлімше» жүйесінде және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсетуіндегі қызметті пайдаланған кезде құжаттарды ресімдегенде және қате телефон нөмірлерін, деректемелерді көрсеткенде Клиенттің жіберген қателігі үшін жауап бермейді.

151. Банк Шоттар, Пароль, Логин, Сеанстық кілттер немесе Клиенттің жүргізген операциялары туралы ақпарат оларды пайдалану барысында тыңдау немесе байланыс арналарын ұстап қалу нәтижесінде басқа тұлғаларға белгілі болса, жауап бермейді.

152. Клиент «Интернет бөлімше» жүйесінде және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсетуде жүргізілетін барлық операциялар үшін Шартта көзделген оны бірегейлендіру және сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, жауапкершілік атқарады.

3-тарау. Терминалдар арқылы электрондық банктік қызмет көрсету шарттары

153. Ережелердің осы тарауының мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар мынаны білдіреді:

- 5) Терминал – қолма-қол ақша беру (қабылдау), ақша төлемі мен аударымы бойынша операцияларды, айырбастау операцияларын және банк операцияларының өзге түрлерін жүргізуді, соның ішінде төлем карточкаларын (алдан ала төленген төлем карточкаларын) пайдаланып, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған электрондық-механикалық құрылғы;
- 6) Іске қосу – Клиенттің Терминал арқылы электрондық банк қызметін пайдалану фактісін растау рәсімі;
- 7) АТТК – Клиенттің ССК-де/Интернет желісі арқылы/Терминалдар арқылы операциялар жүргізуіне арналған банктік алдын ала төленген төлем картасы;
- 8) Операция – АТТК-ні (немесе АТТК деректемелерін) пайдаланып, тауар (жұмыстар, қызмет) ақысын төлеу операциясы, электрондық банк қызметін (транзакциялық-банктік және ақпараттық-банктік қызмет) көрсету операциясы.

154. Банктік шот ашпай, Терминалдар арқылы төлемдер жасау және ақша аудару Банктің Терминалдарды пайдаланып, жіберушіден қолма-қол ақшаны қабылдаған кезінде жасалған төлемдік электрондық хабардың (бұдан әрі – төлемдік хабар) негізінде жүргізіледі. Төлемдік хабар Банкке ақша жіберушінің бенефициардың пайдасына төлемнің жасалғаны және/немесе ақшаның аударылғаны туралы нұсқауын білдіреді.

155. Банктік шот ашпай, қолма-қол ақшаны Терминал арқылы салып, төлем жасалғанда және ақша аударылғанда, ақша жіберушіге чек беріледі, онда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті деректемелер берілуі тиіс.

156. Терминалдың ақша жіберушіге беретін чегінің бастапқы құжат мәртебесі бар және қолма-қол ақшаны Банкке Терминал арқылы салып, төлемнің жасалған және/немесе ақшаның аударылған фактісін растайды.

157. Терминал арқылы қолма-қол ақша қабылданғаннан кейін және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған чек берілгеннен кейін, Банкте ақша жіберушінің алдында бенефициардың пайдасына төлем жасау және/немесе ақша аудару міндеттемесі немесе алдын ала төленген төлем карталарын шығару және оларға қызмет көрсету міндеттемелері туындайды.

158. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Терминал арқылы көрсетілген әр электрондық банк қызметі төмендегі талаптармен сүйемелденеді:

1) жеке сессия шегінде бірегей ДБЖК генерациясы;

2) ДБЖК міндетті кіру;

3) Клиентті бірегейлендіру барысында ұялы телефон және қосымша ендіру үшін туған күн нөмірлерін пайдалану.

159. Ақпарат деректерді шифрлау әдісін пайдаланып, байланыс арналары арқылы беріледі.

160. Сәйкестендіру тәртібі төмендегі кезеңдерден тұрады:

- телефон нөмірі арқылы Клиентті іздеу;

- қосымша бірегейлендіргіш Клиенттің туған күнін ендіру арқылы сәйкестіктердің болуына жол бермеу;

- Клиенттің карточкасына байланысты Банктің өнімдерін іздеу;

- Клиентке Банктің қызметін Терминал арқылы пайдалану мүмкіндігі туралы хабарлау.

161. Банктің АБАЖ-ында Клиентті сәтті сәйкестендіру және Клиентті бірегейлендіру Клиенттің электрондық банк қызметін алуға растама болып табылады.

162. Қызмет алу үшін Клиент Терминалда сәйкестендіру барысының барлық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

163. Банктің:

5) Егер Клиент Шартта көзделген тәртіппен бірегейлендірілмесе және сәйкестендірілмесе, сондай-ақ Қолжетімді қалдық сомасы (Шоттағы ақша) Банк өнімінің талаптарына сай толықтырылатын ең көп сомадан асып кетсе, Шоттар бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің операция жүргізуін тоқтатуға;

7) Төлемдік деректемелерді көрсеткен кезде Клиенттің жіберген қателігі анықталғанда, Клиент Банкке қажетті құжаттарды/деректемелерді бермеген немесе толық жиынтығын бермеген жағдайда, сондай-ақ операция Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тарапынан шоттар бойынша тыйым салу болған жағдайда, электрондық терминалдарда көрсетілетін қызметке қолжетімділікке тосқауыл қоюға;

164. Банктің аталған шектеулерді белгілеу және/немесе өзгерту туралы шешімі туралы ақпарат Интернет желідегі Банктің www.kaspibank.kz мекенжайындағы WEB-бетіне орналастырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тарапынан Клиентке талап болған жағдайда, Банк Операция (транзакциялық банктік қызмет және ақпараттық банктік қызмет) жүргізуден бас тартуға және Терминал арқылы электрондық банк қызметінің функционалын шектеуге құқылы.

165. Клиенттің:

б) терминал арқылы Банктің ережелеріне сай Банктің іске асырған АТТК-нің шектелмеген санын төлеу Операциясын орындауға;

7) заңнаманың талаптарына сәйкес келетін нысан бойынша АТТК төлеу қызметінің және транзакциялық банк қызметінің көрсетілу фактісін растайтын құжатты және Банктің талаптарын/ұсыныстарын алуға;

8) «Интернет бөлімше» жүйесін пайдаланып, Шоттар бойынша есептер мен үзінді көшірмелер алуға;

9) чек болған кезде даулы жағдайларды қарау үшін Банктен көмек сұрауға;

10) ақшаға билік етуге және АТТК мен Интернет желісінде Клиенттердің банктік шоттарына тіркелген кредиттік/дебеттік карталарды пайдаланып, Операция жүргізуге құқығы бар.

166. Клиентке электрондық банк қызметін көрсету барысында Клиент Терминалдың экранында көрсетілген нұсқаулықтарды сақтауға міндетті.

167. Банк:

1) тергеу, шаралар қолдану, рұқсатсыз төлемдерді ескерту мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға;

2) ақшаны алынған АТТК сомасына аударуға Клиенттің талабы түскен жағдайда, Банктің ішкі нормативтік құжаттамасында белгіленген ережелерге сай ақша аударуға;

3) Клиентке электрондық банк қызметін көрсету фактісі бойынша банк құпиясын сақтауға міндеттенеді.

168. Банк Терминалдарда қызметті пайдаланған кезде құжаттарды ресімдегенде және қате телефон нөмірлерін, деректемелерді көрсеткенде, Клиенттің жіберген қателігі үшін жауап бермейді.

169. Банк Клиенттің жүргізген операциялары туралы ақпарат оларды пайдалану барысында байланыс арналарын ұстап қалу нәтижесінде басқа тұлғаларға белгілі болса, жауап бермейді.

170. Клиент Терминал арқылы жүргізілетін барлық операциялар үшін Шартта көзделген оны бірегейлендіру және сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, жауапкершілік атқарады.

171. Даулы жағдай болған кезде Клиент мекенжайды, телефон нөмірін, шағымның және басқа да ақпараттың мазмұнын көрсетіп, online@kaspibank.kz электрондық мекенжайына электрондық түрде хабар жолдауға немесе 8-727-250-00-01 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан) телефон нөмірлері бойынша Банктің Call Center-іне телефон соғуға (ауызша өтініш білдіруге) құқылы. Банк Клиенттің өтінімін мұндай өтінішті/электрондық хабарды тіркеген күннен бастап 30 күннің ішінде қарайды.

172. АТТК шығару, оған қызмет көрсету, онымен операция жүргізу туралы мәселелер мен ережелер www.kaspibank.kz сайтында орналастырылған АТТК шығару, оған қызмет көрсету ережелерімен анықталады.
